

С. Сайфулмаликова¹ , С.Х. Байдильдина Феллан^{2*} 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

²Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: Saulehair@mail.ru

ТРОИЦК ЕРЛЕР ГИМНАЗИЯСЫ: БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ БЕЙІМДЕЛУ (1873–1917 ж.)

Қазақ жастарының Ресей империясының гимназияларына алғашқы қабылдануы Орынбор азаматтық гимназиясы мен Троицк ерлер гимназиясының тарихынан бастау алады. Мақалада Троицк ерлер гимназиясы (1873–1917 жж.) тарихының негізінде Ресей империясындағы орта білім беру тәжірибесінің үлгісі талданады. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архив қорынан алынған құжаттарға, Орынбор оқу округінің директивалық бұйрық, есептеріне негізделген циркуляр жинақтарына дәйектелген және архив құжаттарының бір бөлігі алғаш ғылыми айналымға түсіп отыр. Құжаттар Троицк гимназиясындағы білім беру процесінің құрылымын, күрделі әлеуметтік кеңістіктегі шәкірттердің бейімделу механизмін, гимназиядағы білім алушы қазақ шәкірттерінің есімдерін анықтауға мүмкіндік берді. Гимназияның ашылуы мен қалыптасу кезеңіндегі орын алған қиыншылықтар, оқу орнының материалдық инфрақұрылымы мен жалпы жағдайы зерделенді. Жұмыс жаңа әлеуметтік тарих теориясына негізделгендіктен, гимназияның күнделікті өмір тәжірибесіне ерекше назар аударылды. Зерттеудің әдіснамалық негізін әлеуметтік-мәдени тәсіл қағидаттары және әлеуметтік тарих контекстіндегі «қоғамның төменгі топтары тарихының» тұжырымдамалық ережелері құрайды.

Гимназиядағы шәкіртақы Ережесі, шәкіртақыны алуға қатысты өтініштер, оны тағайындауға ықпал еткен әлеуметтік факторлар мен артықшылықтар талданды. Гимназияда білім алған Ы. Алтынсарин және Ж. Сейдалиндер әулетіне қатысты деректер берілді. Орта оқу орындарындағы білім алушы қазақ шәкірттерінің әлеуметтік ортаға бейімделу процесі, діни, мәдени айырмашылықтар мен тұрмыстық қиыншылықтарды еңсерудегі бастан өткерген тауқыметтері анықталды. Авторлар Троицк гимназиясында білім алушы шәкірттердің негізгі құрамы сұлтан, болыснай, старшин, мұғалімдердің отбасыларынан шыққан деген қорытынды жасайды.

Түйін сөздер: Троицк ерлер гимназиясы, Торғай облысы, Ы. Алтынсарин, шәкіртақы, пансион.

S.S. Saifulmalikova¹, S.H. Baidildina Fellan^{2*}

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

²Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after Gumarbek

Daukeyev, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: Saulehair@mail.ru

Troitsk men's gymnasium: educational practices and socio-cultural adaptation (1873–1917)

The origins of the initial admission of Kazakh youth to gymnasiums of the Russian Empire are associated with the activities of the Orenburg Civil Gymnasium and the Troitsk Men's Gymnasium. The article analyzes the model of secondary education in the Russian Empire using the example of the Troitsk Men's Gymnasium in the period 1873–1917. The study is based on materials from the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, as well as circulars compiled based on directives and reports of the Orenburg Educational District. Also, a portion of the archival documents are introduced into scholarly circulation for the first time. The analysis of archival documents made it possible to define the structure of the educational process at the Troitsk Gymnasium, identify mechanisms of students' adaptation within a complex social environment, and specify the names of Kazakh students who studied at this Gymnasium. In addition, the study examines the difficulties accompanying the opening and development of the gymnasium, its material infrastructure, and overall condition. Since the research is based on the theory of social history, particular attention is devoted to the everyday practices of the Gymnasium's functioning.

Research methodology of the study is based on the principles of the socio-cultural approach and the conceptual provisions of the "history of the lower social strata" within the framework of social history. The rules for awarding scholarships at the gymnasium, applications for their receipt, as well as the social

factors and advantages that determine the conditions of their allocation, are analyzed. Data on the families of I. Altynsarin and Zh. Seydalina that studied at this gymnasium, are presented. The process of Kazakh students' adaptation to the social environment is revealed, along with the difficulties encountered in overcoming religious and cultural differences, and everyday living conditions. The authors conclude that the main contingent of Kazakh students at the Troitsk Gymnasium consisted of children of sultans, volost administrators, starshins, and teachers.

Keywords: Troitsk Men's Gymnasium, Turgai region, Y. Altynsarin, scholarship, boarding school.

С.С. Сайфулмаликова¹, С.Х. Байдильдина Феллан^{2*}

¹Казхаский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

²Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева, Алматы, Казахстан

*e-mail: Saulehair@mail.ru

Троицкая мужская гимназия: образовательные практики и социокультурная адаптация (1873–1917 г.)

Истоки первого приема казахской молодежи в гимназические учреждения Российской империи связаны с деятельностью Оренбургской гражданской гимназии и Троицкой мужской гимназии. В статье анализируется модель среднего образования в Российской империи на примере Троицкой мужской гимназии в период 1873–1917 г. Исследование основано на материалах Центрального государственного архива Республики Казахстан, а также на циркулях, составленных на основе директив и отчетов Оренбургского учебного округа; при этом ряд архивных документов впервые вводится в научный оборот.

Анализ архивных документов позволил определить структуру образовательного процесса в Троицкой гимназии, выявить механизмы адаптации учащихся в сложном социальном пространстве, а также установить имена казахских воспитанников, обучавшихся в данном учебном заведении. Кроме того, исследованы трудности, сопровождавшие процесс открытия и становления гимназии, ее материальная инфраструктура и общее состояние. Поскольку работа основана на теории социальной истории, особое внимание было уделено повседневным практикам функционирования гимназии.

Методологическую основу исследования составляют принципы социокультурного подхода и концептуальные положения «история снизу» в контексте социальной истории. Проанализированы правила назначения стипендий в гимназии, заявления на их получение, а также социальные факторы и преимущества, определявшие условия их предоставления. Предоставлены данные о семьях И. Алтынсарина и Ж. Сейдалина, обучавшихся в данной гимназии. Выявлен процесс адаптации казахских учащихся к социальной среде, а также трудности, возникавшие при преодолении религиозно-культурных различий и бытовых условий. Авторы приходят к выводу, что основной состав казахских учащихся Троицкой гимназии составляли дети султанов, волостных управителей, старшин и учителей.

Ключевые слова: Троицкая мужская гимназия, Тургайская область, Ы. Алтынсарин, стипендия, пансион.

Кіріспе

Ресей империясында алғашқы гимназиялар XVIII ғасырдың 30-жылдарында ашылды. XIX ғасырда Ресейде Батыс Еуропа үлгісіндегі гимназия моделі қалыптасты, яғни классикалық гимназия мен реалды училище. 1864 жылғы Жарғыға сәйкес гимназияға қабылдауда сословиенің, дінге қатысты шектеулер жойылды. Гимназияның үш типологиясы құрылды: 1) екі ежелгі тілдерді оқытатын классикалық; 2) бір ежелгі тілді оқытатын классикалық; 3) ежелгі тілдерді оқытпайтын реалдық. Бұл Жарғыға сәйкес гимназияда оқу жылы 7 жыл, прогимназияда 4 жыл болып белгіленді. 1871 жылы 30 шілдеде гимназияға қатысты жаңа Жарғы қабылданып,

орта оқу орны жүйесіне консервативті бетбұрыс жасалды, өзгерістер гимназиядағы оқу мерзімі, оқу бағдарламасына қатысты болды. Гимназиядағы оқу жылы жеті сынып болғанымен, шәкірттер алғашқы алты жылды бір жылдан, жетінші сыныпты екі жылдан оқыды. Дайындық сыныбындағы оқу мерзімі шәкірттің жасы мен оқуды меңгеруіне байланысты бекітілді (Полное собрание, 1874:86). 1875 жылы Халық Ағарту министрлігінің қайта енгізген өзгертулеріне байланысты гимназиядағы оқу жылы 8 жыл, әр сыныптағы оқу мерзімі бір жылдан болып бекітілді (Полное собрание, 1877:499). Гимназияға барлық сословиенің балалары атақ-дәрежесі мен дініне қарамастан қабылданады деп көрсетілді. Дайындық сыныбына 8-10 жас аралығындағы ер

балалар қабылданды, олар орысша еркін сөйлеп, 1000-ға дейін санап және қосу, алуды білуі тиіс болды (Полное собрание, 1874:86).

Троицкідегі гимназияның ашылу қарсаңында Торғай облысында орысша білім беретін екі мектеп ғана болды, бірі Торғай қаласында, екіншісі Троицкіде. Орынбор, Троицк гимназияларына алғашқы жылдары орысша жақсы білмейтін қазақ балалары қабылданса, 1890 жылдардан кейін емтихан сынағынан өткендер ғана қабылданатын болды.

Гимназияны төртінші сыныптан кейін оқымаған шәкірттерге оқу үлгерімі мен тәртібі жазылған арнайы куәлік берілді, оның дәрежесі прогимназияны бітіргендер құқымен теңестірілді (Полное собрание, 1877: 500). Жарғының 54-бабына сәйкес пансионға 8-15 жас аралығындағы шәкірттер қабылданатын болды (Полное собрание, 1877: 500).

Қазақ жастарының гимназияға алғашқы қабылдануы Орынбор губерниясындағы гимназиялардың ашылу тарихынан басталады. XIX ғасырдың екінші жартысында Орынбор оқу округіне Перм ерлер гимназиясы (1783), Уфимск ерлер гимназиясы (1819), Екатеринбург ерлер гимназиясы (1861), Орынбор азаматтық ерлер гимназиясы (1868), Троицк ерлер гимназиясы (1873), Орал әскери гимназиясы (1812) бағынды. XIX ғасырдың екінші жартысында Орынбор азаматтық гимназиясы, Троицк ерлер гимназиясын бітірген қазақ жастары емтихансыз Қазан, Санкт-Петербург, Мәскеудегі жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндігін алды. Орынбор азаматтық гимназиясында Торғай, Орал облысы, Бөкей Ордасының, ал Троицк гимназиясында Торғай облысының Николаев (Қостанай – С.С.) уезінің балалары оқыды. Қазақ жастары 1868 жылы Орынбор азаматтық гимназиясына, ал 1873 жылы Троицк гимназиясына қабылданды.

XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың бас кезеңінде Орынбор, Троицк, Омбы, Ташкент, Семей, Верный гимназияларын бітірген қазақ жастары Ресейдің жоғары оқу орындарына түсіп, қазақ зиялыларын қалыптастырды. Гимназиялар қазақ интеллигенталды элитасын тәрбиелеген оқу орны болғандықтан олардың тарихын, құрылымдық эволюциясын, механизмдерін зерттеу өзекті деп бағалаймыз.

Зерттеу жұмысының мақсаты Троицк ерлер гимназиясының құрылуы мен қалыптасу тарихын және орта білім алуға ұмтылған қазақ жастарының өміріндегі маңызын көрсету. Зерт-

теу шеңберінде мынадай міндеттер қойылды: гимназияның аймақтық ерекшелігін айқындау, аймақтық факторлар негізінде білім беру процессінің ерекшеліктерін нақтылау, гимназияда оқыған және бітірген қазақ жастарының есімдерін анықтау.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазуда Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архив қорындағы 25-қор – Торғай облыстық басқармасының құжаттары қаралды. Қордағы Торғай облысы губернаторының гимназия директорына жазған хаттары, бұйрық, рапорттар, жекелеген әр түрлі әлеуметтік топ өкілдерінің балаларын оқуға қабылдауға қатысты өтініштер алғаш рет ғылыми айналымға түсті. Бұл хаттар гимназия тарихын әр түрлі әлеуметтік актор: әкімшілік, үкімет, қазақ қоғамы тұрғысынан зерттеуге, оқу процесінің ұйымдастырылуы, әкімшіліктің ұстанымын талдауға мүмкіндік берді.

Троицк гимназия тарихын зерттеу жаңа әлеуметтік тарих теориясы негізінде жүргізілді. Деректерді жан-жақты талдау әр түрлі әлеуметтік отбасылардың білім беру стратегияларын және қазақтардың әлеуметтік мобилділік мүмкіндіктерін көрсетуге, шәкірттердің бейімделу тәжірибелерін анықтауға негіз жасады.

Жұмысты жазуда тарихилық, объективтілік, жүйелілік принциптеріне сүйендік. Гимназия тарихын XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезеңіндегі Ресей империясының білім беру саясаты мен Орынбор губерниясының шекаралық аймақтағы бұратаналарға қатысты ұстанған саясаты контекстінде талданды. Объективтілік принципіне сүйене отырып әр түрлі дереккөздерін пайдалану, салыстыру Троицк ерлер гимназиясының білім беру саясатын жүзеге асырумен бірге әлеуметтік мобилділік мүмкіндіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік берген әлеуметтік институт ретінде қарастырылды.

Мәселенің тарихнамасы

Төңкеріске дейінгі ғылыми әдебиеттерде Троицк гимназиясының тарихына қатысты арнайы зерттеулер болмады. Гимназия тарихын осы оқу орнында жұмыс жасаған мұғалімдер, Орынбор оқу округінің инспекторлары жазды. Бұл еңбектерде мерейтойлық, бір жылдық есептер сипаттамалық мазмұнда берілген. Троицк гимназиясының Педагогикалық Кеңесі-

нің тапсырмасымен мұғалімдер А.И. Зеленцкий, О.И. Пушнов, В.А. Лавров оқу орнының жиырма бес жылдық тарихына арналған жазба шығарды (Двадцатипятилетие, 1904:145). Еңбекте гимназияның ашылу тарихы, мұғалім, шәкірттердің ұлттық және діни құрамы, пансион, шіркеудің салынуы, гимназия өміріндегі айтулы мерекелер көрсетілген.

Гимназиядағы ежелгі пән мұғалімі М.М. Вук зерттеуінде 1898-1899 оқу жылындағы Троицк ерлер гимназиясының бір жылдық есебі берілген (Отчет, 1898:54). Автор гимназия қызметкерлері, Педагогикалық Кеңес отырысы, оқу орнының шіркеуі, метеорологиялық станциясы, кітапхана қоры, стипендиялардың түрлері, міндетті емес пәндердің оқытылуы сынды сұрақтарды талдаған.

Торғай, Семей облыстарының халықтық училище инспекторы қызметін атқарған А.Е. Алекторовтың халық ағарту ісіне қатысты зерттеуінде Троицк гимназиясында бекітілген шәкіртақыға қатысты Ереже талданады (А.Е. Алекторов, 1898:4-5). Торғай облысының инспекторы қызметінде болған А.В. Васильевтің еңбегінде Орынбор, Троицк гимназиясында оқыған шәкірттер көрсетілген. Автор Троицк гимназиясында 1873-1891 жылдары оқыған шәкірттер, оларға тағайындалған шәкіртақыға қатысты мәліметтерді талдайды (А.В. Васильев, 1896:314). И. Архангельскийдің зерттеуінде Троицк гимназиясының ашылу тарихына және шіркеуге көбірек көңіл бөлінген. Автор гимназияның мемлекет тарапынан ғана емес, қала элитасының бастамасымен ашылғандығын көрсетеді (И. Архангельский, 1902: 208).

Кеңестік кезең тарихнамасында Ресей империясы кезеңіндегі бастауыш оқу орындарының тарихын зерттеуге көбірек көңіл бөлініп, орта оқу орындары туралы зерттеу жұмыстары жазылмады. Гимназияларда дворян, көпестердің балалары көп оқығандықтан, бұл оқу орындарына буржуазиялық қоғамның институты ретінде ғана қарады. Сондықтан да гимназия тарихына арналған Ш.И. Ганелин (Ганелин Ш.И., 1954:301) Н.А. Константинов (Константинов Н.А., 1956:200) сынды санаулы авторлардың еңбектері жазылғанымен, жалпы орта оқу орындарының тарихы зерттеу аясынан тыс қалды. Т. Тажибаевтың зерттеуінде де Ташкент ерлер, Ташкент қыздар гимназиясының тарихына қысқа ғана анықтама берілген (Тажибаев, 1962: 506).

Қазіргі отандық тарихнамада гимназиялар тарихына қатысты жұмыстар баршылық, бірақ

жекелеген Верный, Семей ерлер гимназиясының тарихына қатысты жұмыстар болғанымен, дегенмен, Троицк ерлер гимназиясының тарихы жазылмаған тақырыптардың бірі. Қазақстан тарихнамасында Орынбор азаматтық ерлер гимназиясы, Троицк ерлер гимназиясы туралы алғаш жазған профессор Г.С.Султанғалиева болатын (Г.С.Султанғалиева, 2002:262). Гимназия тарихына қатысты келесі зерттеулер гимназия тарихын ұлттық зиялы қауымды қалыптастырған оқу орны ретінде қарастырады. О.Х.Мұхатова, Р.Е.Оразовтың мақалаларында Орынбор, Верный ерлер гимназиясының тарихы және осы оқу орнында білім алған Алаш қайраткерлері көрсетілген (О.Х. Мұхатова, Р.Е.Оразов, 2024:132-139). Қазақстандық зерттеушілер гимназия тарихын билік инструменті, отарлық басқарудың әлеуметтік базасын, яғни чиновниктерді қалыптастырған жүйе тұрғысынан зерттейді. Мысалы, мұндай жұмыстар қатарында С.К. Удербоева (Удербоева С.К., 2021:246), Мирас Е. Абдрахмнің жұмыстарын атауға болады (Мирас Е. Абдрахм, 2023:119-137). Орынбор оқу округіне қараған Орынбор ерлер азаматтық гимназиясы, Троицк ерлер гимназиясы қазақ интеллектуалды элитасын қалыптастырған оқу орындары болды.

Ресей тарихнамасында тарихшы, өлкетанушы Р.Н. Гизатуллинның зерттеуінде гимназияның ашылуындағы Қалалық басқарманың қызметі, гимназияны бітірген белгілі тұлғаларға қатысты мәліметтер көрсетілген (Р.Н. Гизатуллин, 2018:392).

Шетелдік зерттеушілер арасынан Ресей империясындағы білім беру жүйесіне арналған алғашқы еңбек ағылшын тарихшысы Бен Эклофтың зерттеуі болды (Ben Eklof, 1986). Автор білім беру тәжірибиесінің саяси мақсаттарын, гимназия, мектеп жүйесін және отарлау қысымына қарай жергілікті қауымдастықтардың өз дәстүрін сақтай отырып бейімделу әрекеттерін талдайды.

Нәтижелер

Троицк гимназиясының құрылуы, қалыптасуы және білім беру тәжірибесі

Троицк ерлер гимназиясының ашылуы мен қалыптасуы қала әкімшілігі, жекелеген тұлғалар, қазақ болыстарының қайырымдылық бастамасының негізінде жүзеге асты. Бұл Ресей империясына тән білім беруде бірлесіп қаржыландырылған модель болатын, яғни жергілікті кө-

пестер қауымы, қазақ болыстары мемлекетпен қатар қаржыландыруда шешуші роль атқарды. Гимназия ғимаратын салу алғашқы үш жылда қаланың қосымша капитал қорынан 14 мың рубль және қайырымдылық қаражатынан салынуы тиіс болды. Злотуст, Челябы, Верхнеуральск тұрғындары, Миасы заводы, Николаев уезіндегі қазақтар, казак тұрғындары гимназияны ашу үшін қайырымдылық қорларын құрды (Двадцатипятилетие, 1905:5).

Троицк ерлер гимназиясы 1873 жылы 23 қыркүйекте екі ежелгі тілдерді оқытатын орта оқу орны болып құрылды. Алғашқы жылы дайындық, бірінші, екінші сыныптарға 67 шәкірт қабылданды, оның 8-і қазақ, 1-уі татар, 1-уі еврей, қалғандары орыс балалары болатын (Архангельский И.И., 1900: 40). Гимназия ашылған жылы көп қиындықтар кездесті: өз ғимаратының болмауы, қаражаттың дұрыс бөлінбеуі, мұғалімдердің жетіспеуі, оқуға түскен шәкірттердің білім деңгейінің төмен болуы, шәкірттер тұратын пансионның болмауы. Мұғалімдер жетіспегендіктен орыс тілінің мұғалімі неміс, француз тілдерін, көркем жазу сабақтарын, ал математика пәнінің мұғалімі география, көркем жазу сабақтарын да жүргізген (Двадцатипятилетие, 1905:20).

Гимназияны В.И. Филоматитский, Ф.Э. Бурде, Л.Г. Лопатинский, Н.Ф. Новиков, И.А. Тихомиров, Н.М. Андруевич, П.М. Андреев басқарды. Оқу орнын ең ұзақ басқарған И.А. Тихомиров болатын. Санкт-Петербург университетінің түлегі И.А.Тихомиров гимназияны 1888-1906 жылдары басқарды. Бұл кезеңде Троицк ерлер гимназиясының мұғалімдері қаланың зияткерлік элитасының қатарында болды. 1894 жылы гимназиядағы 17 оқытушының 13-і Петербург, Мәскеу, Қазан, Вена, Лейпциг университеттерінің түлектері болатын (Рушанин, 2024: 57).

1876 жылы Троицк гимназиясының өз оқу ғимараты салынды. Ғимарат екі қабатты, 8 сынып бөлмесі, мәжіліс залы, үй шіркеуі мен кең дәлізден тұрды (Отчет о состоянии, 1882:255). И.А. Тихомировтың кезінде гимназияның материалдық базасы жақсарды, жеке өз ауруханасы ашылды. Оқу орнының пансионы қайта салынып, жоғарғы қабатында жатын бөлме, сабаққа дайындалатын бөлме, асхана, тұрмыстық бөлме, гимназия инспекторының пәтері болды. Бас ғимарат 20 бөлмеден тұрды: сынып бөлмелері, Педагогикалық Кеңес, фундаменталді кітапхана, физика мен сурет сыныптары, канцелярия,

директор пәтері. 1898 жылы Орынбор оқу округінің попечителі Троицк гимназиясын тексерістен өткізіп, гимназияны үлгілі тәртіпті оқу орнына жатқызып, гимназия директоры, педагогика ұжымына алғыс жариялаған (Исторический очерк, 1901: 286).

Гимназияға шәкірттер Троицк, Челябинск, Жоғары Орал губерниясы мен Торғай облысының Николаев уезінен қабылданды. 1874 жылы гимназияда 54 орыс, 9 қазақ, 1 еврей, 1875 жылы 85 орыс, 11 қазақ, 2 еврей, 1 рим-католик, 1876 жылы 115 орыс, 7 қазақ, 2 рим-католик, 1 лютеран, 1 еврей, 1878 жылы 118 орыс, 2 раскольник, 2 рим-католик, 3 лютеран, 1 қазақ, 1881 жылы 127 орыс, 3 раскольник, 4 рим-католик, 6 лютеран, 5 қазақ баласы оқыды (Двадцатипятилетие, 1905:46). Деректерден 1874, 1875, 1876 жылдары қазақ шәкірттерінің өсу, 1876 жылдан кейін кему, 1881 жылдан кейін қайта өсу динамикасын көреміз. Архив деректеріне сүйенсек, 1881-1917 жылдар аралығында Троицк гимназиясында оқыған қазақ шәкірттерінің саны жыл сайын 4-7 баладан аспаған. Жалпы гимназияда православие, лютеран, рим-католик дініндегі шәкірттердің қатары өсіп, бірте-бірте мультиэтникалық және мультиконфессионалдық орта қалыптасты.

1875-1899 жылдар аралығында Троицк гимназиясындағы шәкірттердің діни құрамы бойынша православие дініндегілер – 87,5%, рим-католик – 3,8%, протестанттар – 2,3%, мұсылман – 3,9%, еврей – 0,5% және басқа діндегілер – 1,7% құрады (Двадцатипятилетие, 1905:105). 1898-1899 оқу жылында Троицк гимназиясында оқыған шәкірттердің әлеуметтік құрамы дворян мен шенеуліктер отбасынан – 45,3%, діни қызметкерлер – 3,1%, екінші гильдия көпестері, мешан мен қолөнершілер – 27,8%, төмендегі шендегі казактар – 15,8%, селолық сословие -15,8% құраған болатын (Отчет, 1899:21). Гимназияда дворяндар мен шенеуліктер отбасынан шыққандар ең үлкен топты құраса, көпес, мешан мен қолөнершілердің балалары 1/4 бөлігін құрады.

Орта әлеуметтік топ өкілдері, яғни көпес, мешан балаларының және қазақ шәкірттерінің гимназиялық білім алуға ұмтылысын тік әлеуметтік мобильділік нысаны тұрғысынан қарастыруға болады. Белгілі әлеуметтанушы П. Со рокин әлеуметтік мобилділіктің тік және көлбеу түрін көрсете отырып: – Тік әлеуметтік мобилділік индивидтің немесе әлеуметтік объектінің бір әлеуметтік қабаттан екінші әлеуметтік қа-

батқа ауысу барысындағы қатынасы. Қозғалыс бағытына қарай тік мобильділіктің екі түрі бар; жоғарылаушы және төмендеуші, яғни әлеуметтік көтерілу мен әлеуметтік құлдырау, – деп көрсеткен (Сорокин П.А, 1992:374)

Қазақ шәкірттерінің гимназиялық білім алуға ұмтылысын тік әлеуметтік мобилділіктің көрінісі деп сипаттауға болады. Гимназиялық білім алу университеттік білімге, мемлекеттік қызметке, жоғары әлеуметтік топтарға өтуге мүмкіндік берді. Мұның нақты мысалы, қарапайым отбасынан шыққан Қарабаев Мұхамеджан, Сермұхамедов Қарабатырдың гимназиядан кейін университет бітіруі, қызметке тұруы дәлел болады. Қазақ шәкірттерінің барлығы жоғары әлеуметтік топтарға өте алмады, Бекмұхаммедов Ықсақ, Алтынсарин Әбдрахманның өлімі жүзеге аспаған мобилділік болды. Қаладағы өмірге бейімделудің қиындығы, дұрыс тамақтанбау, әр түрлі жұқпалы аурулардың тез таралуы, оқу жүктемесінің қиын болуы салдарынан кейбір қазақ шәкірттері оқуын жалғастыра алмаса, кейбірі ауырып қайтыс болған фактілер де болды.

XIX ғасырдың аяғында Троицк татарлар көп тұратын қала болғанымен, гимназияда қазақ балаларымен салыстырғанда татар балалары өте аз оқыды. Олар Ресейдің зайырлы оқу орындарынан гөрі дәстүрлі мұсылмандық білімді артық көрді. Жалпы мұсылман балаларының гимназияда көп оқымау себебі діни, мәдени, тілдік, әлеуметтік факторлармен де байланысты болды.

Қазақ шәкірттері арнайы белгіленген шәкіртақыға және өз қаражаттарына оқыды. Шәкірттерге орысша білім алу үрдісін игеруі және жаңа мәдени ортаға бейімделуі қажет болды. Оларға гимназиядағы алғашқы кездескен қиындықтар діни тәжірибимен ұштасты, яғни гимназияның күнделікті өмірінде православие дінінің мейрамдары мен ритуалдары болатын. Олар жаңа әлеуметтік нормалар мен практикаларды көруге және оларды орындауға тиісті еді. Күнделікті сабақ барлық оқушылар мен мұғалімдердің қатысуымен дұғадан басталатын. Інжілден үзінді оқылды (Двадцатипятилетие, 1904:25). Барлық шәкірттер ресми шараларға қатысуға міндеттелді және шаралар гимназия шіркеуінде өтетін. Мысалы, 1896 жылы 14 мамырда император II Николайдың таққа отыру салтанатына қатысты ризашылық дұғасына, 15 мамырда гимназия шіркеуіндегі литургия мен дұғаға, ал 6 қаршада императрица II Екатеринаның қайтыс болуының 100 жылдығына орай өткен литургияға қатысып, тарих пәнінің мұғалімі Зеленцкийдің патшайым

туралы баянадамасын тыңдаған (Двадцатипятилетие, 1904:79).

Гимназиядағы қатаң тәртіп білім беру кеңістігін ұйымдастырудың ажырамас бір бөлігі болды. Шәкірттер инспектор, оқытушы, қадағалаушылар тарапынан қатаң бақылауда болатын. Бірыңғай киім нысаны, сабақтардағы білім мен мінез-құлықты бағалау жүйесі белгіленген ережелерге сәйкестендірілді, тәртіпсіздік жасаған жағдайда жазаланды. Оқу орнындағы қатаң жазаның бірі карцер болатын. 1880-1881 жылғы Орынбор оқу округіндегі гимназия есептеріне сүйенсек 1 сағаттан 4 сағатқа дейін карцерде отырған балалардың саны жоғары сыныптарда-136, төменгі сыныпта – 1, 15 тәулік карцерде жоғары сыныптан – 11, төменгі сыныпта – 1 баланың отырғандығы туралы мәліметтер тіркелген (Отчет о состоянии, 1882:292).

Пансионда қатаң белгіленген күн тәртібі бойынша шәкірттер таңғы сағат 7.00-де тұрып, таңғы дұғаға қатысатын. Таңғы астан кейін өткен сабақты қайталауға міндеттелді. Сағат 11.00, 14-30- да тамақтанды. Түскі астан кейін пансион бағында серуендеуге, мейрам күндері қаланы аралауға рұқсат берілді. Сағат 16.30 шай ішті. Кешкі 20.00 асқа дейін үй тапсырмаларын орындауға тиісті болды. Сағат 21.00-де кешкі дұғаға қатысып, төменгі сыныптағы шәкірттер сағат 22.00-де, жоғары сыныптағылар сағат 23.00 ұйқыға жатулары тиіс болатын (Двадцатипятилетие, 1904:80).

Гимназия өмірі қатаң күн тәртібіне негізделді және шәкірттердің сыртқы ортамен қарым-қатынасы шектеулі болатын. Орынбор азаматтық гимназиясының түлегі, орыс және кеңес кезеңінің беллетрист, драматургы Н.А.Крашениников гимназияда оқыған жылдарына ретроспективті талдау жүргізе отырып: «Сегіз жылдық өмірім пансион, гимназия, гимназия ауласы мен көшеде өтті. Ең жақсы сәттер көшедегі серуен, айына екі рет баратын монша, аптасына бір рет болатын би- деп жазады. Автор би сабақтарын жүргізетін мұғалімдерді мысқылдай отырып сынайды (Крашениников, 1914:184).

Қазақ шәкірттері де гимназияның қатаң үлгілерімен киінді. Мысалы, тізеге дейін түсіп тұрған қара түсті жартылай шекпен, оның алдыңғы жағында 9 күміс жалатылған түйме, бір жақтан түймеленеді, ал артында 4 түйме, жағасы қиғаш, манжеті тік, жиегі күміс түспен өрімделген, жең жиектерінде қос түйме. Шалбар сұр түсті шұғадан тігілді. Офицерлік пішіндегі сұр түсті пальто, қос төсті, түймелері мундирдегідей бекітіл-

ген, жағасындағы ілгектер мен түйме шекпеннің түсімен түстес. Бас киімнің түсі де жартылай шекпенмен түстес, сұлбасы әскери кепиге ұқсас, маңдай түсы жолақты, дөңгеленген. Маңдайды жабатын жоғары тұста екі лавр жапырағына ұқсас күміс таңбалар тұрды, оның арасында қала атының бас әрпі мен гимназияның реттік саны көрсетілді. Қазақ шәкірттеріне галунсыз түйе шұғасынан тігілген бас киім, ілгексіз әскери сұр түсті шинельдер киюге рұқсат етілді (Двадцатипятилетие, 1904:79). Барлық шәкірттердің ортақ бірдей формада киінуі мәдени интеграция тетіктерінің орындалуына және әр түрлі діндегі шәкірттердің білім беру ортасында ұйысуына және бейімделуіне әкелді. Қазақ жастары үшін де гимназиялық форманы кию, империялық ортаның әлеуметтік-мәдени нормаларына бейімделу тетіктерінің бірі болды.

«Әлеуметтік-мәдени бейімделу» ұғымына қатысты ғылымда Талкотт Парсонс, Пьер Бурдьё, Джон Берри, Лев Выготскийдің тұжырымдары бар. Талкотт Парсонс «әлеуметтік-мәдени бейімделу» процесіне мынадай анықтама береді. Әр түрлі құндылықтар мен мақсаттарға бағдарланған акторлар белгілі бір жағдайда өз әрекеттермен келісуге мәжбүр болады. Әрекетке қатысушылар оларға өзгеру мүмкіндіктерін ұғындырса, ал акторлар әрекеттерді үйлестіру үшін мәдени үлгілерді қабылдайды деген тұжырым жасаған (Парсонс Т., 1998: 29). Талкотт Парсонс теориясы шеңберінде қарастырсақ қазақ шәкірттері гимназияда белгіленген мінез-құлық нормалары, құндылықтар мен үлгілерді қабылдау арқылы әлеуметтік -мәдени бейімделуді жүзеге асырған акторлар болды.

А.К.Зеленцкий, М.Вук есептеріне сүйенсек, гимназияға түскен қазақ балаларының орыс тілінен тілдік біліктілігі төмен болған. Олар орыс тілін жақсы меңгеру үшін мәтіндерді дауыстап оқу, әрбір сөзді анық, дұрыс айту, мұғалімдермен арнайы сұқбат өткізуге дайындалу, пансионда орыс шәкірттерімен бірге тұру сынды нормаларды орындаған (Двадцатипятилетие, 1904:32). Қазақ шәкірттерінің үлгерім деңгейінің төмен болуына байланысты қосымша сабақтар енгізілді. 1884-1886 жылдары дайындық сыныбында қазақ балаларына аптасына екі сабақ, 1884-1885 жылы бесінші сыныпқа арифметиканы қайталау үшін 1 сабақ, 1885 жылы сегізінші сыныпқа латын грамматикасын қайталау үшін қосымша сабақ өткізілген (Двадцатипятилетие, 1904:50).

Гимназияның мәдени өмірі қарапайым нормаларды меңгеру шеңберінен шыққан күрде-

лі процесс болды. Қазақ шәкірттері орыс тілін меңгере отырып, кейбір христиандық діни тәжірибилерді орындап, тәртіпке бейімделудің түрлі стратегияларын меңгеріп, мультиэтникалық, мультиконфессионалдық ортада өздерінің қазақи мәдени болмысын, бірегейлігін сақтап қалуға ұмтылды.

Гимназияда орыс шәкірттерінің қазақ, башқұрт балаларымен қарым-қатынасы ізгі ниетте болған. Орынбор гимназиясының түлегі Н.Беккеревич өз естеліктерінде қазақ, башқұрт шәкірттері туралы былай деп жазады: – Қазақ, башқұрт шәкірттері орыс балаларымен тез достасып кетті, олар біздер үшін барлығын да жасауға дайын болатын. Қазақтар табиғат аясында өскендіктен оларда парасаттылық, адамгершілік, шыдамдылық және жеке тұлғаға деген құрмет болды. Олар бізге оң әсер етті. Біздер тентектік жасамайтынбыз. Бос уақыттың басым бөлігін қазақ, башқұрт шәкірттерімен әңгімелесіп, оларға орыс тілін үйретуге тырыстық (Беккеревич Н., 1903:405-406). Н.Беккеревичтің гимназиядағы оқыған жылдарына қатысты естеліктері қазақ шәкірттерінің орыс балаларымен қарым-қатынас арқылы тілді үйренгендігін, гимназияда білім алуға ұмтылған әр түрлі ұлт өкілдері балалары үшін мәдени ортаға бейімделу кеңістігі қалыптасқандығын дәлелдейді.

Гимназиядағы сабақ сағат 9.00-да басталатын, әр сабақтың ұзақтығы 55 минутқа созылды. Үшінші, төртінші сабақ арасында 30 минуттық үзіліс болатын. Үзілісте шәкірттер 15-20 минут гимнастикалық жаттығулар жасауға міндеттелді. Оқу жыл бойы үзіліссіз жүрді. Шәкірттер мейрам күндері, жексенбіде, жазғы, қысқы екпе кезінде демалды, яғни жазғы екпе 6 аптаға, қысқы екпе 4 аптаға созылатын. Мейрамдардың барлығы да православие дінімен байланысты болды. Гимназияда қатаң ұйымдастырылған әлеуметтік кеңістік қалыптасты. Бірыңғай тәртіп пен классикалық білім беру саясаты мәдени интеграцияға алып келді.

Гимназияға қатысты қабылданған Жарғының 39-бабына сәйкес гимназияда оқытылды: 1) Құдай Заңы; 2) Орыс тілі шіркеу-славян тілі қосымшасымен; 3) логиканың қысқаша негіздері; 4, 5) латын, грек тілі; 6) математика; 7, 8) математикалық география мен физика, қысқаша жаратылыстану; 9) тарих; 10) география; 11, 12) неміс және француз тілдері; 13) көркем жазу. Гимнастика мен ән сабағы барлық шәкірттерге тегін оқытылды, пансиондар үшін гимнастика міндетті пән болды. Қазақ шәкірттері де

Құдай Заңы сабағын оқыды (Полное собрание, 1874:87).

1875 жылы Орынбор, Троицк гимназиясына тексеріс жүргізген П.А.Лавровский екі гимназиядағы қазақ шәкірттері туралы былай деп жазды: -Орынбор гимназиясында шәкірттердің барлығы да пансионда тұрады. Қазақ шәкірттері екінші, үшінші сыныпта орыс балаларымен тең дәрежеде оқи бастайды. Олар әдемі жазады, сурет салады. Өз ісіне жауапкершілікпен қарайды, қарым-қатынаста қарапайым, сыпайы. Қазақтар балаларын болашақта шенеулік болады деген мақсатта қазыналық шәкіртақыға оқытады. Физикалық жағынан жетілгенде балаларын үйлендіреді. Қазір сегізінші сыныптағы екі шәкірт ата-анасының ықтиярынсыз оқуды жалғастырғысы келеді. Троицк қаласы мен қала маңында бұратаналар көп тұрғанымен гимназияда оқитын шәкірт қатары аз. Оларға арнап пансион салу қажет – деп жазды (Исторический очерк, 1901:178-179).

Орынбор губерниясындағы гимназияларда дайындық сыныбы мен IV сынып аралығында шәкірттер саны көп, бірақ сыныбы жоғарылаған сайын олардың қатары азайды. Гимназия шәкірттерінің V-VIII сыныптарда оқудан шығып кету пайызы өте жоғары, яғни 79% шығып кеткен (Отчет о состоянии, 1882: 280). Оқудан кетуінің шешуші факторлары: шәкірттердің басқа оқу орындарына ауысуы, қанағаттанғысыз академиялық нәтижелер, ауру салдарынан қайтыс болуы, демалыстан кейін гимназияға кері оралмауы, ата-аналарының шығарып алуы.

Орынбор оқу округінің білім беру ландшафтында Троицк ерлер гимназиясы білім сапасы жағынан жоғары тұрды. 1880-1881 оқу жылында Орынбор губерниясындағы оқу үлгерімдерінің көрсеткіш деңгейі бойынша Троицк ерлер гимназиясы – 74,3%, Орынбор азаматтық ерлер гимназиясы – 73,7 %, Перм ерлер гимназиясы – 73,5 %, Екатеринбург ерлер гимназиясы – 58,7 % болған (Отчет о состоянии, 1882: 287).

XIX ғасырдағы Ресей империясының сол кезеңдегі ұстанған саясатына байланысты гимназиялар қатаң бақылауда болды. Троицк гимназиясының шәкірттеріне бірінші сыныпта апта сайын Мәскеу екінші гимназиясы комиссиясының оқулығы негізінде диктант жазу талабы қойылды. Жай қарапайым сөйлемдердің этимологиясы мен синтаксисіне талдау жүргізу, 2 сыныпта жаттаған өлеңдерінен мазмұндама жазу (Ведомость о числе, 1882:23). IV сыныпта Халық Ағарту министрлігінің оқу жоспарына

сәйкес шығармалар жазды. Олар Русьтің шоқындырылуы, Жайық бойындағы қазақтардың тұрмысы, Жаз, Күз, VII сыныпта тақырыптық мазмұндағы шығармалар Псевдоклассизм және оның орыс әдебиетіндегі өкілдер, Ежелгі Русьтегі білім беру, VIII сыныпта Ұлы Петр, Пушкин бейнесі тарихшы Карамзин шығармаларында (Ведомость о числе: 1882:26).

1881 жылы округтік инспектор Владимирский Троицк гимназиясында тексеріс жұмыстарын жүргізіп, емтихандарға қатысқан. Ол гимназияның инспекторы Якубовскийдің басқарушылық және педагогикалық қызметін өте жоғары бағалаған (Исторический очерк, 1901:205). 1898 жылы Орынбор оқу округінің попечителя Троицк гимназиясын тексерістен өткізіп, гимназияны үлгілі тәртіптегі оқу орнына жатқызып, гимназия директоры, педагогика ұжымына алғыс жариялаған (Исторический очерк, 1901:286).

1871, 1887 жылдардағы гимназияларға қатысты реформаларға сәйкес білім беру тәжірибесінің күнделікті өмірінде Ресейдің тарихы мен мәдениетіне қатысты атаулы мерекелер мен кештерді өткізуге ерекше мән берілген. Мысалы, орыс ақыны А.С.Пушкин, жазушы М.Н.Катков құрметіне ұйымдастырылған. 1910 жылғы есептерге сүйенсек, 8 тарихи-әдеби, 4 мәдени-музыкалық кештер өткен (Отчет, 1910:16). Мұндай іс-шаралар күнделікті ұйымдастырылды, бұл Ресей империясының ресми идеологиясы мен конфессионалдық тәрбиесінің үлгісі болатын

1891 жылы гимназия тарихындағы айтулы оқиға болды. Болашақ император II Николай өз жол сапарында Троицкіде тоқтап, 22 шілдеде сағат 9.00-да гимназияға келді. Онымен кездесуге гимназия директоры, мұғалімдер, гимназия шәкірттері, медресенің орыс бөлімінің шәкірттері, қалалық училище мұғалімдері мен шәкірттері, Александровск мектебінің мұғалімдері, попечитель, шәкірттер қатысты (Двадцатипятилетие, 1904:76). 1891 жылғы архив деректеріне сүйенсек, гимназияда Балғожа Ахмедбек, Сермұхамедов Қарабатыр, Қаржасов Зұлпыхарнайын, Имамбаев Осман оқыған. Деректерде гимназия шәкірттері тақ мұрагеріне тоқылған кілем сыйға тартты-деген мәліметтер беріледі (Двадцатипятилетие, 1904:76). Әрине, бұл сый қазақ қауымы атынан берілген сыйлық болар. Болашақ тақ мұрагері гимназияның көрсеткен құрметіне орай, 1893 жылы 24 қыркүйекте өзі қол қойған, жақтаушалары алтын жалатылған, портретін гимназия сыйға жіберді (Двадцатипятилетие, 1904:78).

Гимназияның пансион үйі ашылғанға дейін қазақ шәкірттері орыс-татар мектебі меңгерушісінің үйінде тұрды. Бөлмеде орындық, шкаф, керует болмайтын, шәкірттер еденде жатып, сабаққа дайындалуға мәжбүр болды (Двадцатипятилетие, 1904:105). 1879 жылы 40 шәкіртке арналған екі қабатты пансион салынды. Пансиондағы жылдық тұру бағасы 250 рубль болғандықтан, 8 шәкірт қана өтініш білдірді (Троицк, 1879:3). 1883 жылы пансиондағы тұру бағасы 120 рубль болғаннан кейін, өтініштер көп түсе бастады (Двадцатипятилетие, 1904:112). 1890 жылы пансионда 47 шәкірт, 1895 жылы 59 шәкірт, 1898 жылы 64 шәкірт тұрды (Двадцатипятилетие, 1904:113). Қазақ шәкірттері пансионда тұрды, олар пәтерде тұрғандай оқшауланбады, орыс шәкірттерімен бірге тұруы тілді еркін меңгеруіне мүмкіндік берді.

Троицк гимназиясындағы қазақ шәкірттері

Троицк гимназиясына шәкірттер қазақ қоғамынан қайырымдылыққа жиналған ақшадан тұратын шәкіртақыға және өз қаражаттарына оқыды. 1880 жылы Торғай облысының әскери губернаторы қазақ қоғамынан 7268 рубль 76 тиын ақша түскенін және ақшаның Троицк гимназиясында оқу үшін 2 қазақ баласына бөлінгенін көрсеткен (Алекторов А.Е. 1900:88).

1882 жылы 15 маусымда қабылданған Ережеге сәйкес Торғай, Ырғыз, Николаев уездерінің қазақ қауымының ерікті қайырымдылығы Троицк ерлер гимназиясының пансионна екі шәкіртақы тағайындады. Қордан екі шәкірттің әрқайсысына 220 рубльден және оқуға түскен кезде 50 рубль бөлінді. Шәкіртақы Торғай, Ырғыз, Николаев уездерінің кедей отбасынан шыққандарға бөлінеді -деп көрсетілді (Отчет о состоянии, 1882:242-243). Шәкіртақыға бөлінетін қаражат арнайы депозитте сақталынды. Қазақ балаларына шәкіртақыны белгілеу құқы Торғай облысы әскери губернаторының құзырында болатын. Шәкіртақыға оқып жатқан қазақ баласы оқудан шығып кеткен жағдайда гимназия директоры вакансиялық орынның босағандығын Торғай облысының губернаторына хабарлап отырды (ҚР ОМА. Қ. 25.Т. 1.І. 2314.П.20). Ереженің 5-бабына сәйкес Троицк гимназиясын бітірген шәкірттер оқуын Қазан, Петербург университетінде жалғастырса, оларға Николай Андреевич Крыжановский атындағы 4 қазақ шәкіртақысы белгіленді (ҚР ОМА. Қ. 25.Т. 1.І. 2314.П.20).

Орынбор азаматтық гимназиясында қазақтарға арналған он екі, Троицк гимназиясында

атаулы алты шәкіртақы болды. Троицк гимназиясында 1882 жылы генерал-майор Баллюзек атындағы екі шәкіртақы, 1883 жылы император III Александрдың салтанатты ұлықтауына арналған үш шәкіртақы, 1896 жылы генерал Барабаш атындағы бір шәкіртақы тағайындалды. 1887 жылы генерал-майор Баллюзек атындағы шәкірт ақыға екі бала, қазақ қоғамы қорына екі бала, ал үш шәкірт өз қаражатына оқыған. Олардың біреуі пансионарда өз қаражатына тұрған. Троицк гимназиясының директоры 7 қазақ баласы оқиды деп есеп берген (ҚР ОМА. Қ. 25. Т. 1. І. 2122.П.102). 1894 жылы Троицк гимназиясының директоры Торғай облысынан 5 қазақ баласының шәкіртақыға, 1 баланың өз қаражатына оқып жатқандығы жөнінде мәлімет берген (ҚР ОМА. Қ. 25.Т. 1.І. 480. П.9). 1907 жылы Троицк гимназиясының директоры Торғай облысынан 6 шәкірттің оқып жатқаны туралы жазады (ҚР ОМА. Қ. 318. Т. 1.І. 312. П.17).

1873 жылы гимназияның алғашқы шәкірттері: 1) Қарабаев Мұхамеджан, 2) Қарджасов Байдаулет, 3) Төлеков Осман, 4) Барлыбаев Шаған, 5) Қатлев Сейтбай, 6) Шелеков Ишан, 7) Жәңгіров Осман, 8) Сейдаллин Мұхаммед, 9) Қошаров Шығай болды. Алғашқы түскендер арасынан гимназияны бітіріп шыққан Қарабаев Мұхаммеджан болатын, ол 1881 жылы Қазан университетіне түсті (Васильев, 1896:140). Гимназия тарихына қатысты жазбаларда алғашқы гимназияға түскен қазақ шәкірттерінің оқи алмауының себептерін олардың тілді дұрыс білмеуі және математика, орыс тілі пәндері мұғалімдерінің тәжірибесіздігімен байланыстырады (Двадцатипятилетие, 1904:20). 1880-1898 жылдар аралығында Троицк гимназиясын 108 шәкірт бітірді. Бітіргендер қатарында Қарабаев Мұхаммеджан (1881), Теміров Абдулла (1886), Балғожа Ахметбек (1896) болды.

1888 жылы Николаев уезінің бастығы мен Ы.Алтынсарин Обаған болысындағы Мейрамғали Игіліковты Троицк гимназиясына қабылдау жөнінде өтініш жазған. Гимназиядағы шәкіртақының бос болмауына байланысты М.Игіліков Орынбор азаматтық гимназиясына қабылданды. Ы.Алтынсарин өз шәкірттерінің Орынбор мұғалімдер мектебі, Орынбор, Троицк гимназиясына қабылдауда қолдаушылардың бірі болды. 1889 жылы Ы.Алтынсарин қайтыс болғанда Троицк гимназиясының үшінші сынып шәкірті Ахметбек Балғожа Н.Ильминскийге хат жолдады. Ол өзін гимназияға түсірген Ыбырай екенін ерекше атай отырып, Қостанай мектебінде оқитын

Ыбырайдың баласы Абдулланы келесі жылы гимназияға оқуға бергісі келетіні туралы хабарлаған (Ильминский, 1891: 284).

Гимназияның алғашқы жылдарында қазақ жастары және ата-аналар тарапынан Троицк гимназиясына оқуға түсуге деген қызығушылық болмады. 1890 жылдардан кейін қазақ шәкірттерінің арасында оқуға құжат тапсырушылардың қатары көбейді. XIX ғасырдың аяғында Торғай облысында ауылдық, болыстық мектептердің желісі кеңейіп, оқуын жалғастырғысы келетін қазақ жастарының қатары көбейген болатын. 1896 жылы Троицк гимназиясындағы босаған орынға үш үміткер болған; 1) 10 жастағы Шынтемір Оразов; 2) 11 жастағы Достымбаев; 3) Шынғали Сейдалин. Бұл кандидаттар арасынан 1897 жылы Шынтемір Оразов генерал-майор Баллюзек атындағы шәкіртақыға қабылданды (ҚР ОМА. Қ. 25. Т. 1.І. 971. П. 63). 1897 жылы император III Александр атындағы шәкіртақыны алуға 3 кандидат тіркелді: 1) Достымбаев Жүсіпбек; 2) Шынғали Сейдалин; 3) Аман Мирхайдар (ҚР ОМА. Қ. 25.Т. 1. І. 971. П.57). Бұл шәкіртақыға Достымбаев Жүсіпбек қабылданды (ҚР ОМА. Қ. 25. Т. 1. І. 971. П.59-б). Архив деректеріне сүйенсек, Жүсіпбек Достымбаев екі жыл қатарынан кандидаттар тізімінде болып 1897 жылы ғана оқуға түскен.

Архив құжаттарынан Троицк гимназиясында Ыбырай Алтынсариннің екі баласының да оқығандығын анықтадық. 1891 жылы 13 тамызда Ыбырай Алтынсариннің жесірі Айғаныс Абдулланы (Ғабдулла) Троицк гимназиясына қабылдауға өтініш білдіреді. Баласының орыс тілін дұрыс білмеуіне байланысты өз қаражатына оқуға қабылдауға өтініш жасайды (ҚР ОМА. Қ. 25. Т. 1.І. 467. П.204). Абдулла алғашқы кезде өз қаражатына оқыды. 1892 жылы 15 қаңтарда V сынып шәкірті Қардjasов Зұлхарнайынның науқастануына байланысты Троицк гимназиясынан оқудан шығарылып, вакансиялық орын босады. Босаған орынға Алдияров Әлмұхаммед, Жаппасбай Нұрмухамедов, Абдулла Алтынсарин үмітті болды. Бұл орынға Абдулла Алтынсарин қабылданады (ҚР ОМА. Қ. 25. Т. 1. І. 467. П.234).

1898 жылы Айғаныс 10 жастағы ұлы Әбдрахманды гимназияны бітірген Сермұхамед Қарабатыровтың орнына қабылдауға өтініш жасағанымен, оқуға қабылданбады (ҚР ОМА. Қ. 25. Т. 1.І. 971. П.76). Айғаныс үлкен ұлы Абдулланың өкпе ауруымен науқастануына байланысты оқуын жалғастыра алмайтынан хабарлап, орнына Әбд-

рахманды қабылдауға өтініш білдіреді. Әбдрахман түсу емтиханын сәтті тапсырып, ағасының орнына дайындық сыныбына қабылданды (ҚР ОМА. Қ. 25. Т. 1. І. 971. П.77). Алтынсарин Әбдрахман Троицк гимназиясында 1898-1905 жылдары оқыды, бірақ ауырып қайтыс болуына байланысты гимназияны аяқтай алмады.

Алдияров Әлмұхаммед Троицк гимназиясындағы дайындық сыныбындағы өз қаражатына оқып жатқан оқу үлгерімі үздік шәкірттердің бірі болатын. 1891-1892 оқу жылының III тоқсанындағы оның бағалары: орыс тілі – 5, математика – 5, көркем жазу, сызу мен сурет сабағы – 5, тәртібі – 5 болды. (ҚР ОМА. Қ. 25. Т. 1.І. 467. П.252). 1892 жылы III сынып оқушысы Иманбаев Османның Пасха демалысынан кейін келмей қалуына байланысты оқудан шығарылып, орнына Алдияров Әлмұхаммед қабылданды (ҚР ОМА. Қ. 25.Т. 1. І.467. П.255). Бірақ өкінішке орай, 1894 жылы Әлмұхаммед Алдияров науқасына байланысты гимназияны жалғастыра алмай оқудан шығарылды (ҚР ОМА. Қ. 25. Т. 1. І.971. П.255). 1894 жылы 14 тамызда Фатима Алдиярова баласы Әлмұхаммедтің орнына он жастағы ұлы Сәдуақас Кауменовты қабылдауға өтініш білдірген (ҚР ОМА. Қ. 25. Т. 1. І.971. П.16). Гимназияға өтініш берушілер қатарында, оқудан шығып кеткен баласының орнына, басқа баласын қабылдауға қатысты өтініштер көп түскен. Босаған орындарға қатысты өтініштердің көп болуы, гимназиялық білімнің әлеуметтік маңыздылығын көрсетеді.

Сейдалиндер әулетінен Орынбор, Троицк гимназиясында оқығандар көп болды. 1896 жылы 7 шілдеде отставкадағы стат кеңесші Әлмұхаммед Сейдалин Орынбор азаматтық гимназиясында өз қаражатына оқып жатқан ұлы Жанша Сейдалинді Троицк гимназиясына ауыстыруға өтініш білдірген (ҚР ОМА. Қ. 25. Т. 1. І.971. П.34). Гимназиядағы орындардың шектеулігіне байланысты Ә.Сейдалиннің өтініші жауапсыз қалды, кейін Жанша сұлтан Орынбор азаматтық гимназиясын бітірді.

1903 жылы Троицк гимназиясын бітірген Файзулла Иманбаевтың орнына қабылдануға бірнеше өтініш түсті. Кандидат қатарындағылар бірнеше өтініш жасаған. Мысалы, 1903-1904 жылдары Хамза Қаржасовтың жесірі Шолпан ұлы Ескендірді қабылдауға екі рет өтініш білдірген; 2) 1904 жылы 12 сәуірде Баровое екі сыныптық училище мұғалімі Есмұхаммед Оразбаев ұлы Хасенді қабылдауға Торғай облысының губернаторына өтініш жазған;

3) 1904 жылы 22 сәуірде Троицк округтік сотының судьясы Жансұлтан Сейдалинов ұлы Сапаржанды қабылдауға өтініш білдірген.

Қазақтар балаларын гимназиядағы шәкіртақыға қабылдату үшін, кейде ықпалды қолдаушыларға сүйенді, мұның айқын дәлелі Жансұлтан Сейдалиновтің хаты. Сұлтан Сейдалиновтің Петербургтегі туысы Ғұбайдолла Жәңгірұлына жазған хатынан кейін, Ғұбайдолла сұлтан Торғай облысының губернаторы А.А.Ломачевскийге хат жолдаған. Ол хатта былай деп жазды: «Мазалағаным үшін кешірім сұрай отырып, ескі досыңыздың өтінішін орындайды деп сенемін. Торғай облысының сұлтаны, Троицк округтік сотының судьясы Жансұлтан Сейдалиновтің ұлын Троицк гимназиясына қабылдауға өтініш білдірген еді. Сұлтан Сейдалиновтің өтінішін кері қайтармауыңызды сұраймын, баласының жоғары білім алуына мүмкіндік беріңіз. Хат соңында Шыңғыс хан, Ғұбайдолла Жәңгіров деп қол қойған (ҚР ОМА. Қ. 25. Т.1. І. 971. П.120).

Үш шәкірттің де оқуға қабылдануға мүмкіндіктері болды. Баласын гимназияға қабылдауға өтініш білдіргендердің бірі, Есмұхамед Оразбаев Боровое екі сыныптық училищесінде он бес жыл мұғалім болған (ҚР ОМА. Қ. 25. Т. 1. І. 971. П.119). Бір шәкіртақы орнына таласқан балалардың тағдырын Торғай облысының губернаторы шешті, бұйрықпен оқуға Сапаржан Сейдалинов қабылданды (ҚР ОМА. Қ. 25. Т. 1. І. 971. П.128).

Ғұбайдолла Жәңгір ұлының Торғай облысының әскери губернаторы А.А.Ломачевскиймен достығы 1877-1878 жылдан басталған, өйткені екеуі де орыс-түрік соғысына қатысушылар еді. Жансұлтан Сейдалиновтің үлкен ұлы Аббас Троицк гимназиясының шәкірті еді, екінші ұлының гимназияға қабылдану мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, Ғұбайдолла сұлтанға өтініш білдірген. Архив құжаттары гимназияға түсуде сұлтан отбасынан шыққандарға көбірек мүмкіндік болғандығын көрсетеді. Ресей империясы сұлтан отбасынан шыққан балаларды қолдау арқылы, шеткері жатқан аймақта империяның жергілікті элитасын қалыптастыруға ұмтылды.

Қазақ балалары Троицк гимназиясындағы шәкірт ақыға түсудің қиындығына байланысты өз қаражаттарына оқыды. 1882 жылы Николаев уезі Сарыой болысының құрметті қазағы Иманбай Құдайбергенов 11 жастағы Ибрагим, 10 жастағы Мұсаның гимназияда өз қаражатына оқып жатқанын, отбасының 18 адамнан тұратындығын, өзінің қарттығына байланысты екі баласын шәкіртақыға көшіруге өтініш білдірген (ҚР ОМА. Қ. 25.

Т.1. І.2337. П.1). 1888 жылы Сарыой болысының старшины Имамбаев Троицк гимназиясында Османның бірінші сыныпта, Хасанның екінші сыныпта оқып жатқанын хабарлаған. «Олар үйде жатып оқығандықтан орысша үйренуі де қиын. Гимназия жанындағы пансионға беруге қаражатым жетпейді. Бір баламның шәкіртақы алып оқуына өтініш білдіремін», - деп жазған (ҚР ОМА. Қ. 25. Т.1. І. 467. П.1). Старшинның хат мазмұны шәкіртақыға түсудегі және пансионға орналасудағы қиындықтарды анықтайды. Қазақ шәкіртіне пансионда жатып оқу орыс ортасына еркін қосылуға және тілді меңгеруге мүмкіндік беретін еді, дегенмен, бұл мүмкіндікке барлығының қолы бірдей жете бермеді.

1893 жылы Кен-Арал болысынан Жантөрин Арун өз қаражатына оқыған (ҚР ОМА. Қ. 25. Т.1. І. 971. П.10). 1896 жылы полковник сұлтан Жантөрин жиеннің үш жылдан бері Троицк гимназиясында өз қаражатына оқып жатқанын, босаған шәкірт ақыға оны ауыстыруды сұраған (ҚР ОМА. Қ. 25. Т.1. І. 971. П.38).

1912 жылы Қостанай уезі Сарыой болысынан Тілеуқабыл Тулыбаев Торғай облысының басқармасына өтініш білдірді. Баласы Ғұмар Тулыбаевтың Троицк ерлер гимназиясының бірінші сыныбында өз қаражатына оқып жатқандығын, егін дұрыс шықпағандықтан оқу қаражатын көтере алмайтынын, Облыстық басқармадан баланың оқуын жалғастыруына жыл сайын 200 рубль көлемінде жәрдемақы алуына, немесе баласының шәкіртақыға кандидат ретінде есепке алуын сұраған (ҚР ОМА. Қ. 25. Т.1. І. 1558. П.13). Әкесі Тілеуқабыл баласының 1912-1913 оқу жылындағы сабақ үлгерімі көрсетілген анықтаманы қоса тіркеген. Орыс тілі – 3, неміс тілі – 4, француз тілі – 4, арифметика – 4, тарих – 3, география – 3, табиғат тану – 3, сурет – 4. Гимназиядағы білім беру жүйесі әлеуметтік стратификацияға негізделгендіктен, оқу орындарының басшылары шәкіртақыға өткісі келетін әрбір шәкірттің отбасының материалдық жағдайлары туралы ақпараттар талап етіп отырды. Тілеуқабыл Толыбаев туралы мәліметте былай көрсетілген: 26 жылқысы, 28 ірі қарамалы, 25 қойы бар (ҚР ОМА. Қ. 25. Т.1. І. 1558. П.134). Т.Тулыбаевтың материалдық жағдайы баласын оқытуға қаражаты жетеді деген шешіммен өтініші қанағаттандырылмады.

Төмендегі кестеде Троицк гимназиясындағы шәкіртақыға оқыған қазақ балаларына қатысты мәліметтер берілген. Кестеге өз қаражатына оқығандар енгізілмеді.

1-кесте*Троицк гимназиясында шәкіртақыға оқығандар (ҚР ОМА. Қ.25. Т.1. I. 971:480:467)*

№	Шәкіртақыға оқығандар	Оқуға түскен жылы	Оқудан шыққан жылы	Оқуды бітіргені, шығарылғаны	Отбасы
1	Қарабаев Мұхамеджан	1873	1881	Бітірді	Қарапайым
2	Теміров Абдулла	1878	1886	Бітірді	Сұлтан
3	Бекмұхамедов Ысқақ	1878	1884	Қайтыс болды	-
4	Карджасов Зулпыхарнаим	1882	1892	Науқасына байланысты	Хатшы
5	Сейдалин Ескендір	1882	1886	Үлгеріміне байланысты	Сұлтан
6	Мусин Хайдар	1886	1895	Үлгеріміне байланысты	-
7	Сермұхамедов Қарабатыр	1886	1897	Бітірді	-
8	Балходжа Ахметбек	1886	1896	Бітірді	Бидің ұрпағы
9	Теміров Исмандияр	1888	1893	Оқуға келмегені	Сұлтан
10	Имамбаев Осман	1886	1892	Оқуға келмегені	старшин
11	Алтынсарин Абдолла	1891	1898	Науқасына байланысты	Мектеп инспекторы
12	Алдияров Әлмухаммед	1891	1894	Науқасына байланысты	Болыснай
13	Нұрмұхамедов Айнәпбай	1894	1903	Үлгеріміне байланысты	-
14	Имамбаев Файзулла	1894	1903	Бітірді	Құрметті қазақ
15	Оразов Шынтемір	1896	1906	Оқуға келмеген	-
16	Достамбаев Жүсіпбек	1896	-	Бітірді	-
17	Имамбаев Әбубәкір	1896	-	-	-
18	Алтынсарин Әбдрахман	1898	1905	Қайтыс болуы	Мектеп инспекторы
19	Рүстемов Қосымбек	1897	1905	Бітірді	-
20	Сейдалин Аббас	1900	1914	Бітірді	Сұлтан
21	Сейдалин Сапаржан	1904	1915	Бітірді	Сұлтан
22	Шотаев Мұхамедқазы	1905	1915	Бітірді	Мұғалім
23	Мурзин Мұхтар	1906	-	-	Мұғалім
24	Мурзин Әбілғазиз	1911	-	-	Мұғалім
25	Жаппасбаев Дүйсекей Мустафин	1906	1915	Бітірді	Болыснай
26	Балқожа Әбілғаппар Омарұлы	1906	1916	Бітірді	Бидің ұрпағы

Троицк гимназиясын Қарабаев Мұхамеджан, Теміров Абдулла сегіз жылда, Сермұхамедов Қарабатыр, Сейдалин Сапаржан он бір жылда бітірген, бұл оқудың қиындығы мен үлгерімдеріне байланысты болды. 1911 жылы гимназия директоры Мұрзин Мұхтардың үшінші сыныпты қайта оқуға қалдырылғанын, Сейдалин Сапаржан, Шотаев Мұхтардың бесінші сыныпқа көшкенін, Сейдалин Сапаржанның дайындық сыныбын екі жыл, екінші сыныпты екі жыл оқығаны, тамызда алгебрадан қайта емтихан тапсыратындығы, Мұрзин Мұхтардың дайындық сыныбын екі жыл оқып, тамыз айында орыс тілі мен арифметикадан қайта емтихан тапсыратындығы жөнінде есеп

берген (ҚР ОМА. Қ. 25. Т. 1. I. П.53). Гимназиядағы оқудың қиындығына байланысты кейбір шәкірттердің бір сыныпты екі жылдан оқуы қалыпты жағдай саналды. Сондықтан да қазақ балалары гимназияны 8-11 жылда бітіріп шығатын. Классикалық гимназиядағы оқу бағдарламасының күрделілігі және оның тұрмыстық, әлеуметтік қиындықтармен үштасуы қазақ шәкірттерінің білім алуында кедергілер туғызды.

1915 жылғы деректерге сүйенсек Жаппасбаев Дүйсекей Мустафин қатты науқастанып жатуына байланысты, емтиханнан босатылып, жылдық бағалары бойынша аттестат берілген (Ельцинская библиотека. Қ-733. Т.156. I. 333.

П.63). Гимназия әкімшілігі Дүйсекей Жаппасбаев сынды қабілетті балаларға қолдау көрсету арқылы түлектердің білімі және кәсіби мобильділігіне ықпал ете отырып, әлеуметтік лифт қызметін атқарды.

Гимназияда оқу үлгерімдері өте жақсы шәкірттер де болды. 1898-1899 оқу жылында дайындық сыныбын Алтынсарин Әбдрахмен екінші дәрежелі марапатпен аяқтаған (Отчет о сосоянии, 1899:36). 1911 жылы Мурзин Әбілғазиз дайындық сыныбын екінші дәрежелі марапатпен, IV сыныпты Шотаев Мұхамедғазы марапатпен аяқтаған (ҚР ОМА. Қ. 25. Т.1. I. 1418. П.51). Өкінішке қарай, жақсы оқыған шәкірттердің науқастануына, қайтыс болуына байланысты гимназияны бітіре алмау оқиғалары да кездесті.

Қорытынды

Троицк гимназиясы ашылған жылы оқуға қабылданушылар қатарында қарапайым қазақ отбасынан шыққандарға оқуға қабылдану мүмкіндігі жоғары болды. 1890 жылдардан кейін гимназия шәкіртақысына оқуға түсу бірте-бірте қиындады. Мұғалімдер семинариясы, реалды гимназиямен салыстырғанда классикалық гимназияда білім алу қазақ қоғамында мәртебелі саналды. Өйткені гимназиялық білім ғана қазақ баласына жоғары оқу орнына түсуге мүмкіндік берді. Гимназияға оқуға түсуге құжат тапсырушылар қатары өскендіктен, оқу орнының әкімшілігі талаптарды күшейтті. Шәкірттерді қабылдауда білім деңгейімен қатар, әлеуметтік шығу тегіне де мән берілді. Троицк, Орынбор гимназиясын бітірушілер қатарында сұлтан, мү-

ғалімдер отбасынан шыққандар көбірек болды. Гимназиядағы қазақ шәкірттері атаулы шәкіртақы алып оқуға ұмтылды, өйткені гимназиядағы білім алу сұлтан, мұғалім отбасылары үшін де өте қымбат саналды.

1873-1880 жылдары шәкірттер арасында оқуды аяқтамай, үшінші, бесінші сыныптан кейін шығып кетушілердің қатары көп болатын. Өйткені үш сыныпты бітіргендердің құқы прогимназияны бітірушілер құқымен теңестірілгендіктен, олардың қолына берілген куәлік қызметке түруға мүмкіндік берді. Архив деректеріне сүйенсек, 1890 жылдардан кейін гимназия курсын толық бітірушілер қатары бірте-бірте өсе бастаған.

Гимназияға түскен қазақ шәкірттері қала өміріне және ресейлік білім беру жүйесіне бейімделу кезеңдерінен өтті. Олар дәстүрлі дала мәдениетінен өзгеше мәдениеттерді қабылдап орыс, шет тілдерін үйреніп, жаңа мінез-құлық нормалары мен өмір-салтын меңгерді.

Троицк гимназиясында бір отбасынан екі баланың, ағайынды бауырлардың балалары да қатар оқыды. Мысалы Сейдалиндер әулетінен Ескендір, Аббас, Сапаржан, Балғожа би әулетінен Ахметбек, Абдолла, Әбдірахман, Әбілғаппар болды. Бұл білім алу құндылығының артқандығын, кейбір отбасында гимназиялық білімнің әлеуметтік құндылыққа айналғандығын анықтайды.

Ақсүйектер мен белгілі шендегі адамдардың балаларына гимназияны бітіру, жоғары оқу орындарына түсуге орыс элитасының тобына қосылуға мүмкіндік берді. Сонымен бірге гимназия қазақ зиялы қауымын қалыптастырған орта оқу орны болды.

Әдебиеттер

- Алекторов А.Е. (1898) Очерк народного образования в Тургайской области. Летопись. 1744-1898. //Тургайские областные ведомости 1898. №447 С. 4-5
- Алекторов А.Е. (1900) Очерк народного образования в Тургайской области: летопись, 1744-1898.-Оренбург: Типо-литография Ф.Б.Сачкова. -1900. Вып.2. С.81-160
- Архангельский И. (1902) Материалы для истории города Троицка: Основание в городе Троицка гимназии//Труды Оренбургской ученой Архивной комиссии. Вып. IX. -Оренбург. -1902. – 208 с.
- Беккарев Н. Оренбургская гимназия старого времени //Русская старина. – 1903. -№11. С.401-417
- Васильев А. В. (1896) Исторический очерк русского образования в Тургайской области и его современное состояние.-Оренбург: Типо-литография И. Н. Жаринова. -1896.-314 с
- Ben Eklof (1986) Education and Social Mobility in the Russian Empire. -Cambridge University Press. -1986
- Ведомость о числе классных и домашних письменных упражнений в русском языке данных в гимназиях и прогимназиях Оренбургского учебного округа в течение 1880-1881 учебного года (1882) //Циркуляр по Оренбургскому учебному округу. -Оренбург. -1882. - №1. - С. 22-32
- Воспоминание об Ибрае Алтынсарине Н.И. Ильминского. -Казань: Типо-литография В.М.Ключникова. - 1891. -396 стр
- Ганелин Ш.И. Очерки по истории средней школы в России второй половины XIX века. -М: Учпедгиз. -1954. -301 с

- Гизатуллин Р.Н.(2018) От солдатской школы до классической гимназии: история учебных заведений дореволюционно-го Троицка.-Челябинск:Край Ра.-2018.-392 стр
- Двадцатипятилетие Троицкой гимназии (1873-1898 гг). Историческая записка. (1900).Составлена по поручению Педагогического Совета преподавателями А.К.Зеленским и О.И.Пушновым и законоучителем В.А.Лавровским.- Троицк: Типография И.О.Лясковой.-1900.-145 с
- Ельцинская библиотека. Списки учащихся в средне-учебных заведениях Оренбургского учебного округа. К – 733. Т. 156. I. 333
- Исторический очерк народного образования в Оренбургском учебном округе за первое 25 летие его существования (1875-1899). (1901) Вып.1. 1901.-Оренбург. Типолитография Ив.Ив. Евфимовского-Мировицкого. -301 с
- Классические гимназии и прогимназии:учебные планы предметов, программы приемные и классного преподавания, изданные МНП с объяснительными записками / составил П.Горбунов.- С-Петербург. – 1887. -130 с.
- Константинов Н.А. Очерки по истории средней школы (гимназии и реальные училища с конца XIX века до февральской революции 1917 г). – Москва, 1956 .- 200 с.
- Крашенинников Н.(1914) Невозвратное. Из вешнего времени восемь лет. -Москва: Московское книгоиздательство.1914.-211 стр
- Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). Қ. 25.Т. 1.І. 2122.
- ҚР ОМА. Қ.25. Т.1. I. 971
- ҚРО МА, Қ.25.Т.1.І. 480
- ҚРО МА, Қ.318.Т.1.І.312
- ҚР ОМА. Қ.25.Т.1. I. 467
- ҚР ОМА.Қ.25.Т.1. I.2337
- ҚР ОМА. Қ.25. Т.1. I. 1558
- Мирас Е.Абдрахим(2023) Колониальное образование в Семиреченской области как социальные практики Российской империи(вторая половина XIX -начало XX века)//Вестник Евразийского национального университета имени Л.И.Гумилева.Серия исторические науки.Философия.Религоведение.-2023.-№3 (144).-119-137
- Мұхатова О.Х., Оразов Р.Е.(2024) Орынбор ерлер гимназиясы және Алаш қайраткерлері//Отан тарихы.-2024.-Т.27.-№1. 132-149 бб; Мұхатова О.Х.(2023) Верный ерлер гимназиясы және Жетісу Алаш қайраткерлері //Edu.history.kz.-2023.Т.10.-№1.-138-153 бб
- Отчет о состоянии гимназии и прогимназии Оренбургского учебного округа за 1881 г (1882) // Циркуляр по Оренбургскому учебному округу.-1882. №6.-244-305 с
- Отчет о состоянии Троицкой мужской гимназии за 1898-1899 учебный год (1899). Составил секретарь Педагогического совета М.Вук.-Троицк :Типография И.О.Лесковский.-1899. -54 стр
- Парсонс Т. Система современных обществ.-М.: Аспект Пресс.-1998.-270 с
- Полное собрание законов Российской империи (ПСЗ РИ). Собрание второе. Т.XLVI. Отделение первое.1871. от 49098-49762. Санкт-Петербург.-1874.-935 с
- Полное собрание законов Российской империи (ПСЗ РИ). Собрание второе. Т.L. Отделение первое.1875. от 54241-54878. Санкт-Петербург.-1877.-720 с
- Рушанин В.Я.(2024) Социальный образ директорского корпуса средних учебных заведений Урала в начале XX века // Гуманитарно-педагогические исследования. Научный журнал.2024.Т.8. №3. С.52-61
- Сорокин П.А. Человек. Цивилизация. Общество. – М.: Политиздат. – 1992. – 543 с.
- Султанғалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII-начало XXвв.). Уфа:РИО РУМНЦ Госкомнауки БР. – 2002. – 262 с.
- Тажибаев Т.Т.(1962) Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века.-Алма-Ата:Казгосиздат.-1962.-506 стр
- Троицк. (1879) Корреспонденция «Оренбургского листка» // Оренбургский листок.-1879. – 5 октябрь.- №42. С.3
- Удербаета С.К.(2021) Казахские чиновники Туркестанского края. Монография в документах и материалах.-Алматы: Қазақ университеті.-2021. -246 стр.

References

- Alektorov, A. E. (1898) An essay on public education in the Turgai region. Chronicle 1744-1898. //Turgai regional news 1898. No. 447, 4-5 pages (In Russian)
- Alektorov A.E. (1900) An essay on public education in the Turgai region: chronicle, 1744-1898.-Orenburg: Typography of F.B. Sachkov. -1900.Issue 2. pp.81-160 (In Russian)
- Arkhangelsky I. (1902) Materials for the history of Troitsk: The founding of a gymnasium in Troitsk//Proceedings of the Orenburg Scientific Archival Commission.Issue IX. – Orenburg. -1902. -208 pages (In Russian)
- A historical sketch of public education in the Orenburg Educational District for the first 25 years of its existence (1875-1899). (1901) Issue 1. 1901.– Orenburg. Typolithography of Ivan Evfimovsky-Mirovitsky. -301 pages (In Russian)
- Bekkarevich, N. *The Orenburg Gymnasium of Earlier Times // Russian Antiquity (Russkaya Starina)*. – 1903. No. 11 – pp. 401–417.
- Ben Eklof (1986) Education and Social Mobility in the Russian Empire. -Cambridge University Press. -1986 (In Russian)

Bulletin on the number of classroom and home written exercises in Russian given in gymnasiums and gymnasiums of the Orenburg Educational District during the 1880-1881 academic year (1882) //Circular for the Orenburg Educational District. Orenburg, 1882, No. 1, pp. 22-32 (In Russian)

Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (Central State Archive of the Republic of Kazakhstan). CSA RK. F. 25. Op. 1. D. 2122.

CSA RK F. 25. Op. 1. D. 971

CSA RK. 25. Op.1. D, 480

CSA RK. F. 318. Op. 1. D. 312

CSA RK. F. 318. Op. 1. D. 476

CSA RK. F. 318. Op. 1. D. 2337

CSA RK. F. 318. Op. 1. D. 1558

Classical Gymnasiums and Progymnasiums: Curricula of Subjects, Programs for Admission and Classroom Instruction, published by the Ministry of Public Education with Explanatory Notes / compiled by P. Gorbunov. – St. Petersburg, 1887. – 130 p.

Ganelin Sh. I. *Essays in the History of the Secondary School in Russia in the second half of the 19th century*. – Moscow: Uchpedgiz, 1954. – 301 pages.

Konstantinov N. A. *Essays on the History of the Secondary School (Gymnasiums and Real Secondary specialized educational institutions from the End of the 19th century to the February Revolution of 1917)*. – Moscow, 1956. – 200 p.

Krashennnikov N. (1914) Irrevocable. It's been eight years since then. -Moscow: Moscow Book Publishing House.1914.-211 pages (In Russian)

Miras E.Abdrahim(2023) Colonial education in the Semirechensk region as social practices of the Russian Empire (the second half of the nineteenth and early twentieth centuries)//Bulletin of the L.I.Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences series. Philosophy. Religious studies.-2023.-№3 (144).-119-137 (In Russian)

Mukhatova O. Kh., Orazov R. E. (2024) Orenburg men's gymnasium and Alash figures//history of the Fatherland. -2024. – Vol. 27. – №1. pp. 132-149: Mukhatova O. H. (2023) Verny men's gymnasium and Zhetysu Alash figures //Edu.history. kz. -2023. Vol.10. -. №1. – pp. 138-153 (In Kazakh)

Gizatullin R.N.(2018) From the soldier's school to the classical gymnasium: the history of educational institutions of pre-revolutionary Troitsk.-Chelyabinsk:The edge of Ra.-2018.-392 pages (In Russian)

Report on the condition of the Troitsk Men's Gymnasium for the academic year 1898-1899 (1899). Compiled by the Secretary of the Pedagogical Council M. Vuk. -Troitsk: Printing house I.O. Leskovsky. -1899. -54 pages (In Russian)

Report on the state of the gymnasium and gymnasium of the Orenburg educational District for 1881 (1882) // Circular on the Orenburg Educational District. -1882. No. 6.- pp. 244-305 (In Russian)

Recollections of Ibrai Altynsarin by N.I. Ilminsky. (1891) Kazan: Typography and lithography of V.M. Klyuchnikov. -. 396 pages.

Rushanin V.Ya. (2024) The social image of the director's corps of secondary educational institutions of the Urals in the early twentieth century // Humanitarian and pedagogical research. Scientific journal.2024. Vol. 8. No. 3. pp.52-61 (In Russian)

Sorokin Pitirim A. *Man. Civilization. Society*. – Moscow: Politizdat, 1992. – 543 pages.

Sultangalieva G.S. Western Kazakhstan in the system of ethnocultural contacts (XVIII-early XX centuries). Ufa: RIO RUMNC Goskonnauki BR. – 2002. – 262 pages (In Russian)

Tazhibayev.T.(1962) Enlightenment and schools of Kazakhstan in the second half of the 19th century- Alma Ata: Kazgosdat. -1962.- 506 pages (In Russian)

The Complete Collection of Laws of the Russian Empire (PSZ RI). The second meeting. Vol. XLVI. Department one.1871. from 49098-49762. Saint Petersburg. -1874.-935 pages. (In Russian)

The Complete Collection of Laws of the Russian Empire (PSZ RI). The second collection. T.L. The first department.1875. from 54241-54878. Saint Petersburg. -1877.-720 pages (In Russian)

The twenty-fifth anniversary of the Trinity Gymnasium (1873-1898). Historical note. (1900). Compiled on behalf of the Pedagogical Council by teachers A.K.Zelentsky and O.I.Pushnov and law teacher V.A.Lavrovsky. Troitsk: Printing house of I.O. Lyaskova. -1900.-145 pages (In Russian)

Troitsk. (1879) Correspondence of the Orenburg Leaflet // Orenburg Leaflet. -1879. – October 5.- No. 42. P.3 (In Russian)

Uderbaeva S.K.(2021) Kazakh officials of the Turkestan region. Monograph in documents and materials.-Almaty: Kazakh University.-2021. -246 pages (In Russian)

Vasiliev, A. V. (1896) Historical sketch of Russian education in the Turgai region and its current state – Orenburg: Typo-lithography by I. N.N. Zharinov. -1896.-314 pages (In Russian)

Yeltsin Library. *Lists of Students in Secondary Educational Institutions of the Orenburg Educational District*. – Fund 733. – Vol. 156. – File 333.

Авторлар туралы мәлімет:

С.С. Сайфулмаликова – тарих ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті-нің қауымдастырылған профессоры (Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-6470-4037>. E-mail: Sabira_2023@bk).

С.Х. Байдилядина Феллан – тарих ғылымдарының кандидаты, әлеуметтік пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті (Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-5237-7032>, Saulehair@mail.ru).

Information about the authors:

S.S. Saifulmalikova – Doctor of Historical Sciences, Associate Professor of Kazakh National Pedagogical University named after Abai (Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-6470-4037>. E-mail: Sabira_2023@bk).

S.H. Baidildina Fellan – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of Social Disciplines, Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after Gumarbek Daukeyev (Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-5237-7032>, Saulehair@mail.ru).

Сведения об авторах:

С.С. Сайфулмаликова – доктор исторических наук, ассоциированный профессор Казахского Национального педагогического университета имени Абая (Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-6470-4037>. E-mail: Sabira_2023@bk).

С.Х. Байдильдина Феллан – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор кафедры социальных дисциплин, Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева, (Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-5237-7032>, Saulehair@mail.ru).

Келін түсті: 27.03.2026

Қабылданды: 25.05.2026